

Өскемен қаласы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектеп кітапханасы



Өскемен қаласы химия-биология бағытындағы мектеп кітапханасы 2011 жылы 13 қыркүйектен бастап жұмыс жасап келеді. Кітапхана – мәдени-ақпараттық орталық, оқу жүйесінің басты құрамы және білім ошағының маңызды бөлігі. Мектеп кітапханаларының жұмыс істеуінің маңызды аспектілері - үздіксіз ілгерілеу мен даму. Заманауи мектеп кітапханасы тек қана кітап беріп және қабылдайтын, сақтау орны емес. Бүгінгі таңда оқырман сұранысы өте жоғары болғандықтан, жұмыс барысында әдеби дәстүрлерді креативті-шығармашылықпен ұштастырады.

Кітапханашы заманауи ақпараттық технологияларды қолдану арқылы тұлғаның жан-жақты, интеллектуалдық және рухани дамуына мүмкіншіліктер жасайды. Қолданушылардың ақпаратты өз бетімен тауып және оны қолдана алуына жол ашады.

Назарбаев Зияткерлік мектебінің кітапханалары Сингапур, АҚШ, Финляндия, Оңтүстік Корея елдерінің мектептерінен алынған тәжірибені іске асырып, үнемі даму мен ізденіс үстінде. Құрметті қолданушылар сіздердің назарларыңызға кітапхана жайлы ақпаратты осы презентацияда ұсынамыз!

Жұмыстың негізгі бағыттары



Оқырмандық сауаттылықты дамыту (PISA):

- Мәтінді дәлелді талдау;
- Дәстүрлі және электронды БАҚ жұмыс;
- кейворд Гексагон;
- «Меңгерілген ақпаратты зерделеу» оқу стратегиясын басқару әдісі.



Зерттеу дағдыларын дамыту:

- Big6, Guided Inquiry зерттеу модельдерін қолдану бойынша тренингтер;
- Миға шабуыл;
- Анықтамалық әдебиеттермен жұмыс;
- Электрондық дерекқорлармен жұмыс.



Ақпараттық мәдениетті қалыптастыру:

- Ақпараттық сауаттылықты дамыту;
- Ғаламтордағы ақпарат көздерінің шынайылығын анықтау;
- Академиялық шыншылдық және плагиат;
- Сілтемелермен жұмыс.



Кітап оқуды насихаттау :

- Кітап оқуды насихаттаудың белсенді әдістері – Әдеби тосап, Кітапты тап, т.б.
- «Зияткерлік мектеп оқушыларына оқуға ұсынылатын 100 кітап» жобасы;
- акциялар, жобалар, сайыстар;
- Оқу клубтары.



Кіріктірілген сабақтарды ұйымдастыруда пән мұғалімдерімен бірлескен жұмыс:


- Интерактивті оқу;
- LearningApps, Plickers, Kahoot интерактивті қосымшаларын пайдалану;
- Бірлесіп жоспарлау.



Тәжірибе таратудағы семинар мен тренингтер ұйымдастыру:

- Мұғалімдер мен оқушыларға арналған тренингтер
- Жалпы білім беретін мектептер, пилоттық мектептер, ЖОО студенттеріне арналған семинарлар;
- Пилоттық мектептермен жұмыс.

Мектеп кітапханасының заманауи жабдықталуы



Әдебиеттерді электронды беру және қабылдау

Кітапхана қорына ашық қол жетімдік

Компьютерлер, ноутбуктер, планшеттер, интерактивті тақталар және үстел, Wi-Fi





Топтық жұмыстар орындауға арналған аймақ


Кітап оқуға арналған аймақ

Жеке жұмыс жасауға арналған аймақ

Кітапханада қолжетімді білім ресурстары




Кітапхананы басқару жүйесі



- ❖ Отандық, Ресейлік және шетелдік баспалардың әдебиеттері;
- ❖ Мерзімді басылымдар;
- ❖ Электрондық ресурстар;



Қазан айына дейінгі кітап қоры жайлы ақпарат



Кітапхана ғаламтор желісінде



Зияткерлік мектеп кітапханалары ғаламтор желісіне қосылған. Кітапхананың барлық іс шаралары әлеуметтік желілерде жарияланады, педагог-кітапханашылар оқушылар мен мұғалімдерге үнемі ақпараттық сілтемелер жолдайды.

Зияткерлік мектеп кітапханаларының кітап оқуды дамытуға бағытталған инновациялық жобалары

Кітапхана ақшамы – оқушылардың шығармашылық қабілеттерін анықтауға, тілдік қабілеттері мен қарым-қатынас мәдениеттерін дамытуға және патриоттыққа тәрбиелейтін әртүрлі іс шаралар ұйымдастыру арқылы кітапханаға шақыру.

D.E.A.R. - Drop Everything And Read – күнделікті 20 минуттық әдеби үзіліс, оқушылар және барлық мектеп ұжымы бір уақытта барлық жұмыстарын жинақтап қойып, сүйікті кітаптарын оқиды.

Bookcrossing желілік әлеуметтік акциясы жыл сайын **Тұңғыш Президент күнін** атап өту қарсаңында ұйымдастырылады.

Memoro – ұрпақтар сабақтасығын реттейтін жоба. Бұл жобадан оқушылар егде жастағы адамдармен кездесіп, видео сұхбат алады.




READx – таңғажайып кітап әлемінің жаңалықтарымен бөлісетін жоба. Кітап оқудағы бұл жаңалықтар назар аударуға тұрарлық!

123 – 1 айда 20 минут кітап оқып, және 3 минут ішінде оқылған шығарма жайында эссе жазады


«Book Start» - «Кітаппен бірге бастаймыз» - отбасы мен жалпы қоғамда оқу мәдениетін қалыптастыруға, ана мен баланың кітап оқуын насихаттауға бағытталған.

Кітап әлемді бағындырады дәстүрлі акциясы – мектеп қауымдастығының бір-бірімен кітап алмасуы


Кітап оқуды насихаттаудың белсенді әдіс-тәсілдері



Жазушылармен кездесу



Интерактивті оқу клубы «Мазмұндама»




- ❖ Оқу және талқылау;
- ❖ Жеке және топтық жұмыстар;
- ❖ Функционалды сауаттылық;
- ❖ Сын тұрғысынан ойлау



Кіріктірілген сабақтар

- ❖ Бірлескен жоспарлау
- ❖ Кіріктірілген сабаққа дайындық
- ❖ Үлестірмелі материалдарды дайындау

- ❖ Сабақты өткізу
- ❖ Рефлексия



Әлеуметтік жоба

«Book Start» - «Кітаппен бірге бастаймыз»

- ❖ Отбасы мен жалпы қоғамда оқу мәдениетін қалыптастыру;
- ❖ Ата-ана мен баланың кітап оқуын насихаттау;
- ❖ Ата-ана мен бала арасын жақындастыру;
- ❖ Оқушыларды қоғамдық жұмысқа тарту, жанашырлық сезімін ояту.

Құрметті оқушылар, ұстаздар және ата-аналар!
Отбасылық кітап оқуды насихаттау бойынша әлеуметтік жобаға сіздерді шақырамыз.
Мақсаты: баланы жақсы іске бағыттау, кітап оқуға баулу!

Book Start



Оңтүстік Кәріс елі іс-тәжірибесінен



Өтетін күні мен уақыты:
11.10.2024. сағ.15.00.

Library_nis_uka



Халықаралық әріптестік



Global Readers
Индонезия



Global Readers Club
Филиппин

Іс-тәжірибені тарату



Өскемен қаласы ХББ Назарбаев
Зияткерлік мектебі
педагог-кітапханашылары 2013
жылдан бері жалпы білім беру
мектептері, пилоттық
мектептерге, халықаралық іс-
тәжірибені таратуда.

